

16-тақырып

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

Халықаралық экологиялық құқықтың түсінігі. Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғаудың түсінігі және жалпы сипаттамасы. Халықаралық экологиялық құқықтың пәні. Халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары. Халықаралық экологиялық құқықтың қайнар көздері. Табиғи ортаны қорғау саласындағы халықаралық келісімдер, конвенциялар, шарттар. Халықаралық экологиялық ұйымдардың қоршаған ортаны қорғаудағы ролі мен маңыздылығы. Қоршаған ортаны халықаралық қорғауға Қазақстан Республикасының қатысу нысандары.

Халықаралық экологиялық құқықтың түсінігі.

Адамдардың табиғатқа барған сайын тигізер әсері соншалық, қоршаған ортаны қорғау мәселесі адамдардың өмірін де сақтаумен байланысты болып отыр. Осыған байланысты саяси, экономикалық, идеологиялық және құқықтық тәсілдерді пайдалана отырып, экологиялық мәселені шешу басты сауал болып отыр.

Экологиялық мәселелерді шешу тек бір ғана мемлекеттің немесе елдің қарастыруымен шектелмейді, ол – бүкіл әлемдік сипатқа ие. Әлемдік экологиялық проблемаларды шешу қажеттігі – халықаралық ұйымдарға бірігуі, халықаралық қарым-қатынсты дамытумен тығыз байланысты.

Қоршаған ортаны қорғауға байланысты әлемдік тұрғыдан табиғатты қорғау барынша көп мемлекеттердің өзара тығыз қатынас орнатпайынша мүмкін емес. Табиғат баршаға ортақ, оның заңы жалпыға тән. Ол мемлекеттік немесе әкімшілік территориялық шектеуді білмейді. Ұлттық тұрғыдан табиғатты қорғауға байланысты іс-әрекеттер жасау, сонымен қатар басқа да ұлттар мен халықтардың іс-әрекеттерімен үндес болуы керек.

Әлемдік қоғамдастық табиғатты қорғауға байланысты үлкен үлес қосады, өз үлесін сонымен бірге Қазақстан Республикасы да қосуда. Қазақстан Республикасының Конституциясында былай делінген: «жалпыға тән халықаралық нормалар мен қағидалардың, халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады».

Қазақстан Республикасы халықаралық қоғамдастықтың толыққанды мүшесі болып табылады. Қазақстан қоршаған ортаны қорғау аясында табиғатты қорғау мәселелері бойынша басқа мемлекеттермен белсенді өзара әрекеттер жасауда. Біріккен Ұлттар Ұйымының толыққанды мүшесі ретінде Қазақстан табиғатты қорғауға байланысты басқа да мемлекеттермен бірігіп нәтижелі әрекеттер жасауда. Қазақстан 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының «Дүниежүзілік конференцияларды тұрақты дамыту» жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясына қол қойды. Ол декларацияда қоршаған ортаны қорғау және дамыту мәселесі, оның ішінде табиғаты тез бұзылуға тән мемлекеттер қарастырылған. Бұл мемлекеттер әлемдік тұрғыдан экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі қорғауды қажет етеді.

1992 жылы бекітілген Рио-де-Жанейро декларациясында тұрақты дамудың принциптерінің негізгі бағыттары ретінде:

Халықаралық келісімдердің практикалық тұрғыда жүзеге асуы;

Қоршаған табиғи ортаны бағалаудың сапасы мен бақылаудың жалпыға ортақ әдісін, критерийін және процедурасын шығару;

Экологиялық зерттеуді барынша жетілдіру;

Экологиялық мәселелерді шешу кезінде халықаралық тәжірибелерді қолдану;

Экологиялық бағдарламалар мен тұжырымдамаларды қаржыландыруда халықаралық ұйымдардан қаржы тарту болып табылады.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес, қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа қатысуы мынадай:

1) адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны қорғау;

2) орнықты дамуға қол жеткізу;

3) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мүдделерін қорғау;

4) трансшекаралық ластануларды болғызбау, оларды азайту және бақылау;

- 5) еркін халықаралық сауда мен инвестицияларды экологиялық стандарттар мен талаптарды сақтау негізінде дамыту және қолдау;
- 6) төтенше экологиялық жағдайлар болғанда халықаралық көмек көрсету;
- 7) трансшекаралық және өңірлік экологиялық проблемаларды шешу үшін халықаралық құқықтың нормалары мен принциптерін қолдану;
- 8) қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму саласындағы халықаралық бастамаларға қатысу басымдықтарына негізделеді.

Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастарды барынша дамыту үшін қабылданатын барлық бағдарламалар мен тұжырымдарда халықаралық қарым-қатынас мәселелерін алдыға қойған жөн. Осы айтылғандардың барлығы тағы да халықаралық тұрғыда қоршаған табиғи ортаны қорғау қажеттігін көрсетеді. Халықаралық әріптестіктің қалыптасып серпінді дамыған бағыты болып – қоршаған табиғи ортаны халықаралық құқықтық қорғау болып табылады.

Сонымен халықаралық экологиялық құқық дегеніміз – субъектілердің қоршаған табиғи ортаны ұтымды пайдалану және оны қорғауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін халықаралық құқықтық нормалардың жиынтығы болып табылады.

Халықаралық экологиялық құқықтың пәні.

Халықаралық экологиялық құқықтың өзіндік құқықтық реттеу пәні – ол халықаралық экологиялық қатынастар, яғни олар өзінің мазмұны бойынша басқа қатынастардан, әсіресе ішкі заңнамадан халықаралық әріптестік бойынша ажыратылады. Жалпыға тән халықаралық құқықтық нормалар мен қағидалардан берілген құқықтық құрылым экологиялық құқықтық қатынастарды реттеуде өзгешелігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар өзіндік қайнар көздердің болуы да ерекшелендіреді олардың қатарына конвенция, шарт, келісім, халықаралық ұйымдардың резолюциясы және тағы басқалар жатады.

Егер ішкі экологиялық құқық тек бір ғана мемлекеттің еркін білдірсе, ол халықаралық экологиялық құқық өзара ортақ екі немесе одан да көп мемлекеттердің не халықаралық ұйымдардың еркін білдіреді. Екеуінің бір-біріне түйісуі кезінде басымдық, әрине, халықаралық экологиялық құқықтың нормаларына беріледі.

Қоршаған ортаны қорғаудың халықаралық құқықтың пәндік ерекшеліктері ретінде мыналарды белгілеуге болады:

- Қоршаған ортаға әсерін тигізетін зияндарды шектеу;
- Табиғи ресурстарды пайдаланудың экономикалық жағынан мақсаттылығы;
- Ескерткіштерді халықаралық құқықтық қорғау;
- Мемлекеттің қоршаған ортаға байланысты ғылыми-техникалық құрылыстарын реттеу.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың тетігі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар жөніндегі міндеттемелерге сәйкес мынадай халықаралық және трансшекаралық рәсімдерге:

- 1) экологиялық ақпараттың деректерін алмасу;
- 2) келісілген талаптар мен стандарттар негізінде қоршаған ортаның бірлескен мониторингін жүргізу;
- 3) халықаралық маңызы бар биологиялық түрлер мен табиғи объектілерді анықтау және сақтау;
- 4) қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық реттеу нысанасы болып табылатын белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға алдын ала негізделген келісім алу;
- 5) қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал қатер төндіретін белгілі бір қызмет түрлеріне қатысты арнаулы рұқсаттар беру;
- 6) қоршаған ортаға әсерді бірлесіп нормалау және оларды қолданудың тиімділігін бағалау;
- 7) қоршаған ортаға әсерді трансшекаралық бағалау;
- 8) трансшекаралық әсердің ықтимал қаупі болған кезде төтенше жағдайлар туралы хабарлау;
- 9) трансшекаралық әсердің қаупі болатын төтенше жағдайлар кезінде басқа мемлекеттердің сұрауы бойынша көмек көрсету, оған қоса тиісті бірлесіп назар аудару жоспарларын әзірлеу;
- 10) халықаралық міндеттемелердің орындалғаны туралы ұлттық баяндамалар әзірлеу және ұсыну;
- 11) арнайы уәкілетті халықаралық ұйымдар жүргізетін халықаралық шарттар жөніндегі міндеттемелердің сақталуын бағалау;
- 12) басқа мемлекеттердің немесе Қазақстан Республикасынан тысқары жатқан аудандардың қоршаған ортасына залал келтіргені үшін жауапкершілік шараларын қолдану рәсімдеріне қатысуын көздейді.

Халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары.

Әрбір құқық саласының өзіне тән ерекшелігінің бірі – оның алдыға қайған мақсаттарына жету үшін белгілі бір бағыт-бағдар ұстану болып табылады. Ол бағыт-бағдар – қағида болып табылады. «Принцип» латын тілінен аударғанда негіз, бастама деген мағына білдіреді. Халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары дегеніміз – субъектілердің қарым-қатынасын реттейтін заңда бекітілген халықаралық экологиялық құқықтың бастауы.

Халықаралық экологиялық құқықтың қағидасы – барлық субъектілерге міндетті болып табылатын халықаралық экологиялық құқықтық норма.

Әрбір мемлекет өзінің қоршаған ортасына байланысты кез келген әрекет жасаған мезгілде өзінің қағидаларымен қатар жалпыға ортақ халықаралық экологиялық қағидаларды басшылыққа алғаны жөн. Бір мемлекеттің зиянды әрекеті басқа мемлекеттің де қоршаған табиғи ортасына әсер ететіндігін ұмытпау керек. Бұл жерде негізгі басшылыққа алынатын қағидалар ретінде мыналар болады: мемлекеттің егемендігін сыйлау, мемлекеттердің теңдігі, территориялық қол сұғылмаушылығы және тұтастығы, өзара әріптестік, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу, халықаралық құқықтық жауапкершілік. Халықаралық деңгейде қағидалардың алғашқы көрініс табуы ол 1972 жылы «Адамды қоршаған табиғи орта мәселесі туралы» Стокгольм декларациясында баяндалған болатын. Онда негізгі үш қағида баяндалған:

Біріншісі – кез келген мемлекет өз ресурстарын ұлттық саясатқа сәйкес жүзеге асыруына құқылы, бірақ ол басқа мемлекеттердің қоршаған табиғи ортасына зиянды болмауы керек;

Екінші қағида – кез келген табиғи ресурс ауа, табиғи байлық, жер, су, флора, фауна және тағы басқалар бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін сақталып пайдалануы керек;

Үшінші қағида ол – сарқылатын табиғи ресурстар барынша үнемді және халықаралық деңгейде барынша пайда әкелуі керек;

Бұдан басқа қағидалардың қатарына – 1988 жылы 28 қазанда БҰҰ-мен мақұлданған «Дүниежүзілік табиғат хартиясы», БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 45 сессиясында мақұлданған «Жаһандық климатты бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін сақтау» резолюциясы және тағы да басқа конвенцияларда әртүрлі қағидалар көрініс тапқан. 2007 жылы 9 қаңтарда қабылданған жаңа Экология кодексінде жоғарыда аталған халықаралық келісімдердің қағидалары орын алған.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастығы келесі қағидаларға негізделеді деп айтылған:

- 1) халықаралық міндеттемелерді адал орындау;
- 2) мемлекеттердің өз табиғи ресурстарын игеруге деген егеменді құқығын құрметтеу;
- 3) орнықты дамуға қол жеткізу үшін қоршаған ортаны қорғау мен экономикалық дамудың интеграциясы;
- 4) басқа мемлекеттердің немесе Қазақстан Республикасының юрисдикциясынан тысқары жатқан аудандардың қоршаған ортасына келтірілетін залалдың алдын алу жөніндегі шараларды қамтамасыз ету үшін мемлекеттің жауапкершілігі;
- 5) алдын ала сақтанушылық және алдын ала ескерту шараларын қабылдау;
- 6) халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу;
- 7) қоршаған ортаға ықтимал елеулі трансшекаралық әсері бар қызмет жөнінде алдын ала хабарлау және өзара консультациялар алысу;
- 8) жаһандық, өңірлік, ұлттық және жергілікті деңгейлерде жұмсалатын күш-жігердің өзара бірін-бірі толықтыруы;
- 9) қоршаған ортаны ластауға байланысты шығындар үшін ластаушының жауапкершілігі принциптеріне негізделеді.

Халықаралық экологиялық құқықтың қайнар көздері.

Халықаралық экологиялық құқықта қайнар көзді екі мағынада түсінуге болады:

Материалдық мағынада;

Формальдық мағынада;

Бірінші жағдайға тоқталсақ, халықаралық экологиялық құқықтық қатынастың материалдық мағынадағы қайнар көзі дегеніміз – қоршаған табиғи ортаны пайдалануға және ұтымды қолдануға байланысты дүниежүзілік қоғамдастық мүшелерінің еркін айтамыз.

Ал формалдық мағынада халықаралық экологиялық құқықтық қатынастың қайнар көзі дегеніміз – негізгі басшылыққа алынатын құқықтық нормаларды айтамыз. Олар – шарттар, келсімдер, конвенция, резалюция және тағы басқалар. Кейбір жағдайда сонымен қатар белгілі бір мемлекеттің ұлттық заңдары да қайнар көз қатарына жатады.

Қоршаған табиғи ортаны халықаралық құқықтық қорғау аясындағы орталық қайнар көз ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының резолюциялары орын алады:

«Табиғатты қорғау және экономикалық даму» 1962 жыл 18 желтоқсан;

«Жердің табиғатын сақтауға байланысты мемлекеттің бүгінгі және болашақ ұрпақ алдында тарихи жауапкершілігі» 1980 жыл.

Қоршаған ортаны халықаралық құқықтық қорғаудың қайнар көзі ретінде шарттардың орны ерекше. Қазақстан Республикасының 30.05.2005 жылы қабылданған «Халықаралық шарттар туралы» заңында халықаралық шарттарды жасасудың, қолданудың өзгертудің және тоқтатудың тәртібі баяндалған. Халықаралық шарттар екіге бөлінеді:

Екіжақты;

Көп жақты;

Шарттарды реттеу пәніне байланысты үшке бөлуге болады:

Қоршаған ортаны қорғауға жанама қатысы бар шарттар;

Қоршаған ортаны қорғаудан басқа, бірақ кейбір табиғи объектілер мен ресурстарға қатысы бар шарттар;

Тұтастай қоршаған ортаны қорғауға байланысты шарттар.

Келесі қоршаған ортаны халықаралық құқықтық қорғаудың көлемді қайнар көзі болып – конвенциялар табылады. Конвенцияға қосылу біраз шығын шығартады, мысалы мүшелікке өтуге байланысты, бірақ оның пайдасы өте көп. Себебі көптеген конвенцияларға қосылу арқылы әртүрлі мемлекеттерден қолдау көрсетіліп, көмектер беріледі. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы көптеген конвенцияға қосылып, оларды ратификациялаған.

Тағы да бір жеке топ ол – қоршаған табиғи ортаны халықаралық құқықтық қорғауға байланысты келісімдер. Келісімдер түрлері: екіжақты, көп жақты, мемлекетаралық, аралас (халықаралық ұйымдардың қатысуымен), үкіметаралық, ведомство аралық, глобалді, регионалды, субрегионалды, табиғи ортаның барлық элементтерін қамтитын немесе жекелей элементтерін қамтитын болып бөлінеді. Бүгінгі таңда Қазақстан Ресей, АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Туркия, Жапония, Қытай және тағы басқа мемлекеттермен қоршаған табиғи ортаны қорғаумен байланысты түрлі келісімдерге отырған.

Қайнар көз ретінде әдет-ғұрыптар мен хаттамалар да табылады. Мысалы, «Мұнаймен қоршаған ортаны ластағаны үшін азаматтық жауапкершілік туралы» халықаралық конвенцияның хаттмасы, 1969 жыл, Лондон. Халықаралық шарттар болмаған жағдайда мемлекеттер арасында дауды әдет-ғұрып арқылы шешуге болады. Мысалы, әдет-ғұрып қағидасы ретінде көрші мемлекеттің табиғатына зиян келтірмеуді жатқызуға болады.

Халықаралық экологиялық ұйымдардың қоршаған ортаны қорғаудағы ролі мен маңыздылығы.

Бүгінгі таңда халықаралық қатнастарда халықаралық ұйымдардың алатын орны өте үлкен әрі маңызды болып табылады. Оның себебі осы ұйымдар арқылы көптеген қоршаған ортаны қорғауға байланысты мәселелер төңірегіндегі даулы жағдайларды бейбіт жолмен шешуге қол жеткізіледі. Ол әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өте жоғары қарқында дамып, қазіргі кезде осы бағытта әлемде көптеген халықаралық ұйымдар қызмет істеуде. Халықаралық экологиялық байланыс кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымының, әсіресе оның мамандандырылған бөлімдерінің ролі жоғары болып табылады. Адамды, қоршаған табиғи ортаны қорғау осы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысынан шығады.

Халықаралық ұйым дегеніміз – халықаралық шартқа байланысты құрылған, бір мақсатқа жету үшін тұрақты органдары бар, мүше мемлекеттердің мүддесін көздейтін мемлекеттердің бірлестігі болып табылады.

Халықаралық ұйымдарды қарастыратын өкілеттігіне байланысты былай жіктеуге болады:

Тек қоршаған орта мәселесімен айналысатын ұйымдар;

Табиғаттың жекелеген объектілерімен айналысатын ұйымдар (жер, су, космос, атмосфералық ауа және т.б.)

Функционалды атқаратын қызметіне байланысты ұйымдар: ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-ағартушылық, ғылыми-ақпараттық, құқық шығармашылық-консультативтік және тағы басқа.

Пәндік жіктеуден басқа халықаралық ұйымдар құқықтық статусына және өкілеттігінің қолдану аумағына байланысты бөлінеді. Қолдану аумағына байланысты: глобальді және регионалды болып бөлінеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған ортаны қорғаудағы ролі. Дүниежүзілік табиғат қорғау ұйымының қоршаған ортаны қорғаудағы ролі.

Климаттың жаһандық өзгеруі салдарынан туындайтын проблемаларды шешуге арналған халықаралық келісім.

XX ғасырдың 80-жылдары адамның іс-әрекетінің нәтижесінде бөлінетін булану газдарының (парник газдарының) әлемдік ауа райының өзгеруіне байланысын дәлелдейтін ғылыми деректер қоғамды қобалжытатын ой-пікірлер туғызды. Осы жайға байланысты БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1990 ж. «Климаттың ғаламдық өзгеруі жөнінде шектемелі конвенция» туралы келіссөздер жүргізетін халықаралық комитет құрды. Комитет шектемелі конвенцияның жобасын жасап, оны 1992 жылы

9 мамырда Нью-Йорктегі (АҚШ) БҰҰ-ның штаб-пәтерінде бекітті. Конвенция 1992 ж. маусым айында Рио-де-Жанейрода (Бразилия) жоғары деңгейде өткен дүниежүзілік кездесуде қабылданды. Оған 154 мемлекет және Еуропалық одақ басшылары қол қойды. Конвенция 1994 ж. 21 наурызда күшіне енді. Қазақстан Республикасы Климаттың ғаламдық өзгеруі туралы шектемелі конвенцияға 1995 ж. 5 мамырда қол қойды, ал тамыз айында Қазақстан Парламенті оны бекітті.

Қазақстан Республикасы да тәуелсіз мемлекет ретінде қоршаған ортаны сақтау мен климаттық өзгерістерді шешуге бағытталған көптеген конвенциялар бойынша бүкіләлемдік қоғамдастықтармен белсенді түрде қарым-қатынас жасайды. 1995 жылы Қазақстан БҰҰ Рамалық Конвенциясына қосылды, ал 1999 жылы БҰҰ Рамалық Конвенциясының Киота Конвенциясына қол қойды. БҰҰ-ның 1972 жылы Стокгольмде өткен қоршаған ортаны қорғау мен дамыту проблемаларына арналған конференциясы мемлекеттердің назарын адамзаттың алдында тұрған маңызды проблемаларға аударды. Осы конференцияда әлемдік қоғамдастықтың (sustainable development) жаңа жолы айқындалды.

БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау мен дамыту проблемаларына арналған екінші конференциясы мемлекет және үкімет басшыларының қатысуымен 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өтті. Бұл маңызды конференцияда 114 елдің басшысы мен 178 елдің дипломаттары, 1600 мемлекеттік емес бірлестіктердің өкілдері болды. Осында әлемдік қоғамдастықтың XXI ғасырда тұрақты түрде даму жолына түсу керектігіне шешім қабылданды. Осы конференцияда 5 маңызды құжат қабылданды:

- «Қоршаған орта мен оның дамуы туралы Рио декларациясы».
- «21 ғасыр күн тәртібі».
- «Орманның барлық түрінің тұрақты даму, басқарылу мен сақталу принциптері туралы өтініш».
- «Климаттың өзгеруі проблемаларының Рама конвенциясы».
- «Биоәртүрлілік бойынша конвенция».

Осы конференцияда қабылданған құжаттардың ең маңыздыларының бірі – «XXI ғасыр күн тәртібі». Бұл құжат кедейлік пен аштықты жеңу, қоғамның табиғатты қорғаудағы ролі, т.б. осылар сияқты 100-ден аса ғаламдық мәселелерді қамтыған бағдарламалардан тұрады. «Күн тәртібінде...» барлық елдердің тұрақты түрде дамуын қамтамасыз ететін бағыттағандар айқындалды.

Климаттың өзгеруі жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі конвенциясына сәйкес, Қазақстанның негізгі міндеттемелері:

- 1) парникті газдардың (ПГ) антропогенді шығарылымдарының кадастрлері, ұлттық ақпараттарды беру және жариялау, жаңаландыру, құру;
- 2) климат өзгеруінің салдарын жеңілдету бойынша бағдарламаларды құру;
- 3) парникті газдардың шығарылымдарын төмендететін және шектейтін, әдістер мен процестерді, технологияларды беру, тарату, қолдану; парниктік газ жинаушы және сіңірушілерді тиімді түрде қолдану (микроағзалардың биомөлшері, өсімдіктер, ормандар, теңіздер, жергілікті және жағалаулық экожүйелер);
- 4) қолдау және қарым-қатынас (ғылым, техника, технология, әлеуметтік-экономикалық сала және басқалар);
- 5) климаттық жүйе мәліметтер қорын құру; білімге қолдау жасау, кадрларды дайындау, климаттың өзгеру мәселелері бойынша халықты хабардар ету;
- 6) климат өзгеруі бойынша координациялық орталық құрылған.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуге БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) үлкен үлес қосып отыр. Табиғатты қорғау қызметіне БҰҰ-ның барлық басты органдары мен мамандандырылған мекемелері: Бас Ассамблея, Экономикалық және әлеуметтік кеңес (ЭКОСОС), Аймақтық экономикалық комиссиялар (мысалы, Еуропалық экономикалық комиссия), Халықаралық еңбек ұйымы (МОТ), Білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО), Халықаралық реконструкция және даму банкі (МБРР), Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ВОЗ), Халықаралық теңіз ұйымы (ИМО), Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым (ВМО) және т.б. қатысады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Айналадағы Орта Жөніндегі Бағдарламасы ЮНЕП (ағыл. United Nations Environment Programme – UNEP) – Бас Ассамблеяның мемлекеттер мен халықаралық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау мен жақсартуға бағытталған шараларын тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз ететін халықаралық ұйым ретінде көмекші органы.

Бағдарлама 1972 жылы 15 желтоқсанда құрылды, штаб-пәтері Кенияның Найроби қаласында орналасқан. ЮНЕП-тің ұраны: «Қоршаған орта өркендеу жолында».

БҰҰ-ның 1972 ж. 5-6 маусымда Стокгольмде өткен конференциясының кепілдемесіне сай, 1972 ж. 15 желтоқсанда құрылған ЮНЕП-тің басты органдары – Басқару кеңесі 3 жыл, Хатшылығы 4 жыл мерзімге сайланады. ЮНЕП-ке 70-ке жуық мемлекет мүше. Штаб-пәтері – Найробиде. Басқару кеңесі қоршаған ортаға байланысты халықаралық ынтымақтастыққа көмектесу және осы саладағы бағдарламаның қызметі мен үйлестірілуін басқаруды жүзеге асырумен, баяндамалар мен шолулар жасаумен, дүниежүзі бойынша қоршаған ортаның жағдайын үнемі бақылауда ұстаумен, т.б. көптеген шаралармен айналысады. Қоршаған орта саласындағы бағдарламалардың қосымша қаржыландыруын жүзеге асыру мақсатында 1973 ж. 1 қаңтарда ерікті ЮНЕП қоры ашылды. ЮНЕП-тің көптеген Биологиялық конвенциясына Қазақстан Республикасы 1994 ж. қыркүйектен бері мүше. 1994 ж. қазанда Парижде жасалынған Шөлге қарсы күрес конвенциясына Қазақстан Республикасы да қол қойды. Қазіргі таңда Қазақстанның ЮНЕП-пен ынтымақтастық шеңберінде: Қоршаған орта қорғау жөніндегі дүниежүзілік қордың (ФГОС) қаржыландыруымен ЮНЕП-тің «Каспий теңізінің биологиялық саналуандығы және оның жағалауын қорғау» бағдарламасын жүзеге асыру ісі, ЮНЕП-тің Еуропалық аймақтық бюросымен бірге Арал және Каспий теңіздері жағдайлары жөніндегі халықаралық конвенция жасау мәселелері қарастырылуда. Қазақстанда ЮНЕП-тің табиғатты қорғау жөніндегі заңын шығару және экологиялық заңдарын енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Міндеттері:

Қоршаған орта саласындағы халықаралық қатынастарды жақсарту және лайықты саясат ұсыну.

Қоршаған ортаның жағдайын көрсету.

Қоршаған ортаға байланысты ақпаратты жинап, тарату.

Қоршаған ортаның тұрақтылығы туралы аймақтық бағдарламаларды дамыту.

Мемлекет дәрежесіндегі қоршаған ортаны өндіруге керекті қуат пен технологиялық қолдаумен жабдықтау.

Халықаралық қоршаған орта заңдарын дамытуға көмектесу.

Қоршаған ортаға байланысты тұжырымдама мен құралдарды қолдануға және дамытуға керекті тәжірибелі ақылдармен жеткізіп отыру.

ЮНЕП-тің құрылымы келесі алты бағыттардан тұрады:

- ерте ескерту және бағалау;
- экологиялық саясаттың имплементациясы;
- технология, өндіріс және экономика;
- аймақтық ынтымақтастық;
- қоршаған орта заңы мен Конвенция;
- коммуникация мен әлеуметтік ақпарат.

Негізгі бақылауды БҰҰ шеңберіндегі қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі жаңа үкіметаралық орган – Қоршаған орта жөніндегі БҰҰ бағдарламасы (ЮНЕП) жүзеге асырады. ЮНЕП – БҰҰ-ның негізгі көмекші органы болып табылады. 1975 жылы өзінің қызметінің алғашқы кезінде ЮНЕП қоршаған ортаға байланысты мынадай бірінші кезектегі алты міндетті айқындады: елді мекендер және денсаулық сақтау; құрлықтың экологиялық жүйелері; қалалардың қоршаған ортасы; мұхиттар; қуат; дүлей апаттар.

ЮНЕП үш деңгейде жұмыс істейді:

Бірінші деңгейде қоршаған ортаның бәсекелес мәселелері жөнінде және осы салада атқарылып жатқан шаралар жөнінде ақпарат береді. БҰҰ-ға мүше мемлекеттер жыл сайын қоршаған ортаның ахуалы туралы баяндамалар тапсырады, осы баяндамалардан аталған ақпараттар алынады.

Екінші деңгейде жекелеген елдерге, халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарға қатысты бүкіләлемдік көлемде бағдарламалық шараларды жүзеге асырудың міндеттері мен стратегиясын белгілейді. Осы деңгейде қажетті шаралар мен олардың орындаушылары туралы мәселелер шешіледі, нақты бағдарламалар жасау үшін әдістемелік негіз қамтамасыз етіледі.

Одан әрі екінші деңгейде қолдау тапқан бағдарламалар мен жобаларды Қоршаған ортаны қолдау қоры қаржыландырады. Қолдау мөлшері тиімділікке, яғни қаржылық көмектің бағдарламаның түпкі мақсатын іске асыруға қаншалықты ықпал ете алатындығына байланысты болады. Толық қаржыландыру ерекше жағдайларда ғана, яғни жобанын орындалуы аса ірі жоба бойынша әзірлік жұмыстарын жүргізумен тұтас келетін болса, іске асырылуы мүмкін.

ЮНЕП өзі қызмет істеген жылдары көптеген табиғат қорғау шараларын жүзеге асырды.

Қоршаған ортаның аса ауқымды мониторинг жүйесі құрылды және оның құрамдас бөліктері ретінде – қоршаған орта бойынша ақпарат көздерінің Халықаралық анықтама жүйесі (ИНФОТЕРРА) және әуелетті уытты химиялық заттардың халықаралық тіркеушісі құрылды.

Сондай-ақ БҰҰ шеңберінде Орнықты дамыту жөніндегі комиссия жұмыс істеді. Ол БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің (ЭКОСОС) көмекші органы болып табылады. Қоршаған ортаны сақтаумен айналысатын 200-ден астам халықаралық үкіметтік емес ұйым бар. Мысалы, 1948 жылы Францияда құрылған Табиғат және табиғат ресурстарын қорғаудың халықаралық одағы (МСОП); Құстарды қорғау жөніндегі халықаралық кеңес, Хайуанаттарды қорғау жөніндегі дүниежүзілік федерация; Альпі аудандарын қорғау жөніндегі халықаралық федерация, т.б.

Гринпис өз мақсаттарына жету үшін тікелей әрекет (іс-әрекет және наразылықтар), лоббистік және зерттеулер пайдаланады. Гринпистің Экономикалық және Әлеуметтік кеңесі (ЭКОСОС) бар, Біріккен Ұлттар Ұйымымен жалпы консультативтік мәртебесі бар және мемлекеттік емес ұйымдардың есеп ашықтығын арттыру мақсатында құрылған халықаралық үкіметтік емес ұйым болып табылады.

Гринпис тек қана өз жақтастарының ғана берген қаржылық көмегімен өмір сүруде, ал мемлекеттік құрылымдар, саяси партиялар және бизнестен қаржылай көмекті үзілді-кесілді қабылдамайды.

Гринпис БАҚ назарын экологиялық мәселелерге аударуға бағытталған ірі акцияларымен белгілі.

Аймақтық кеңселер GPI басшылығымен негізінен дербес жұмыс істейді. Гринпистің 2500-ден астам қызметкері мен бүкіл әлем бойынша 14 500 еріктілер штаты бар. Негізгі басқару органы барлық аймақтық офистерінің өкілдерінен тұратын Гринпис кеңесі болып табылады.

ГРИНПИС ҚЫЗМЕТ ЕТУ БАҒЫТТАРЫ:

1. Атмосфералық ауаны химиялық ластағыш заттардан қорғау;
2. Ядролық қарудан, ядролық атом бомбалары сынақтарынан сақтау;
3. Ормандар мен өсімдіктер әлемін сақтау;
4. Жануарлар дүниесін қорғау;
5. Су мен теңіздерді ластаудан қорғау;
6. Қоршаған орта мен адамдарды радиациялық заттардан қорғау;
7. Қоқыс қалдықтарынан ауаны тазарту.

Ластағыш көздері

Химиялық ластану – қоршаған ортаның табиғи химиялық қасиеттерінің қарастырылып отырған уақыт кезеңі үшін қайсыбір заттектердің көпжылдық орташа ауытқуларынан асып түсетіндей болып өзгеруі немесе қоршаған ортаға әдетте онда болмайтын заттектердің түсуі немесе нормадан артық шамада түсуі.

Қоқыстан тазарту – сұйық және шаруашылық-тұрмыстық, кейбір өнеркәсіп қалдықтарын арнайы көлікпен жинау, тасымалдау және одан әрі залалсыздандыру жұмысын жүргізу.

Ластану – адамға және табиғи экожүйеге зиянды әсер ететін физикалық-химиялық және биологиялық заттардың қоршаған ортаға залал келтіруі. Ластанудың салдарынан зиянды және улы заттардың мөлшері көбейіп, қоршаған ортаның экологиялық тепе-теңдігі бұзылады. Тіршілік ортасы мен орнына қарай: ғарыштық, атмосфералық, гидросфералық, т.б. ерекшеліктеріне қарай: физикалық (электромагнитті, радиоактивті, сәулелі, жарықты, жылулы), химиялық (мұнай, ауыр металдар және олардың тұздары мен тотықтары), биологиялық (микробты, бактериялық, вирусты) және механикалық Ластану (агенттердің өз арасындағы ластану, мысалы, қоқыс) болып бөлінеді.

Ластану көздеріне қарай: өндірістік, көліктік, ауыл шаруашылық, тұрмыстық, т.б. болып ерекшеленеді. Қоршаған ортаның ішіндегі ең көп ластанатын атмосфералық ауа, су, топырақ. Ауаны негізінен: жылу электр стансалары, түсті және қара металлургия өнеркәсіптері, зауыттар, ал ауылды жерлерде ауа мен топырақты көбінесе мал және құс өсіретін шаруашылықтар, ет және сүт өндіретін кәсіпорындар, сондай-ақ егістік жерлерге қолданылатын улы химикаттар, пестицидтер және минералды тыңайтқыштар ластайды. Ірі қалаларда негізгі ластану көзі – автокөліктер, себебі олар шығарған газдардың құрамында көп мөлшерде зиянды заттар (көміртектік және азоттың тотықтары, көмірсутектер, қорғасынның токсиндік байланыстары, канцерогенді заттар т.б.) кездеседі. Мысалы, бір жеңіл автокөлік ауаға сағатына шамамен 6-10 м² улы газ бөліп шығарады. Қоршаған ортаның Ластану дәрежесі әртүрлі қалыптар (стандарттармен) мен нормативті көрсеткіштер арқылы бақыланады.

Атом қуаты халықаралық агенттігінің қоршаған ортаны қорғаудағы ролі.

Атом қуаты халықаралық агенттігі (АҚХА) – ядролық қаруды таратпау тәртібін қолдау, атом қуатын бейбіт мақсатта қауіпсіз пайдалану жолындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мен кеңейту мәселелерімен айналысатын үкіметаралық тәуелсіз ұйым. БҰҰ жүйесіне кіреді, бірақ онымен арнайы келісім негізінде қарым-қатынас жасайды. Агенттік өзінің қызметі туралы БҰҰ Бас ассамблеясы мен БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне жыл сайын мәлімет береді. Қазір оған 125 ел мүше. Ұйым бюджеті 256 млн. АҚШ долларынан астам. Атом қаруы бар мемлекеттерде (Ресей, АҚШ, Франция, Ұлыбритания, ҚХР) ядролық қондырғылардың бір бөлігі өз еркімен АҚХА бақылауына қойылған. Израильдегі, Үндістандағы, Пәкістандағы бірқатар қондырғылар Агенттіктің бақылауынан тыс қалып отыр.

АҚХА-ның маңызды қызмет ету салалары – атом қуатын бейбіт мақсаттарда пайдалану, осы салада техникалық көмек көрсету, атом электр станцияларының (АЭС) қауіпсіздігін арттыру, радиоактивті қалдықтарды залалсыздандыру, радиоизотоптарды медицинада, т.б. адамзат шаруашылығында пайдалану. АҚХА қамқорлығымен Ресейдің, АҚШ-тың, Жапонияның және Еуропа қоғамдастығының ғылыми күштерін Халықаралық термоядролық сынақ реакторларын (ITER) жасау үшін біріктіру жобасы жүзеге асырылуда. АҚХА-ның бақылау қызметін жетілдіру және кеңейту шеңберінде 1997 жылы мамырда «Кепілдіктер жүйесінің пәрменділігі мен тиімділігін арттыру» бағдарламасы қабылданды. АҚХА ядролық заттардың зиянсыз айналымы жөніндегі ақпараттар мен деректерді жинап, талдап, қорытады. Тек мемлекеттер ғана АҚХА-ға мүше бола алады.

Басқарушы органдары: мүше елдердің жыл сайын шақырылатын Бас конференциясы 35 адамнан тұратын Басқарушылар кеңесі және ағымдағы жұмыстарды іске асырушы екі мыңнан астам қызметкері бар хатшылар тобы бар, соңғысын Бас директор басқарады. Штаб-пәтері Венада орналасқан.

Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігі – АҚХА. 1957 жылы құрылды. Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаларына сәйкес Қауымдастық өз баптарының негізінде әрекет ететін, БҰҰ жүйесіндегі дербес үкіметаралық ұйым болып табылады.

Агенттіктің міндеттері:

- атом энергиясын бейбіт мақсаттарда практикалық қолдануды дамытуға жәрдемдесу;
- бүкіл әлем бойынша қарусыздануға жәрдемдесу;
- Ядролық материалдар мен жабдықтардың бейбіт пайдалануға арналғанына кепілдік, әскери мақсаттар үшін пайдаланылуды болдырмау;
- Ядролық қаруды таратпаудың бақылау жүйесін енгізу;
- Атом энергиясын бейбіт мақсаттарда, практикалық пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер жүргізуге көмектесу;
- Ядролық ғылым мен техниканың барлық аспектілері бойынша ақпарат ұсыну.

Ерекше назар атом энергиясын өнеркәсіптік мақсатта пайдалану арқылы жүзеге асырылады, халық үшін зияны жоқ сынау өткізу; радиациялық өңдеу; ядролық технологиялар негізінде өлшеу; зерттеу реакторларын құру және пайдалану; радиоизотопы және радиофармацевтикалық өндірісті дамыту.

АҚХА Техникалық ынтымақтастық арқылы қаржыландырылады:

- техникалық көмек және ынтымақтастық қоры (FTPS);
- бюджеттен тыс қорлар;
- грант көмек және Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы. (БҰҰДБ) арқылы қаражат бөлінеді.

Кепілдіктер жүйесі негізінде АҚХА инспекторларына ядролық материалдар мен объектілерді бақылау негізделген. Тексеру тексерілуі тиіс мемлекетте келісім негізінде орын алуы мүмкін. Кепілдіктер қабылдау ерікті болып табылады. Кепілдікті қамтамасыз ететін – 1968 жылғы Ядролық қаруды таратпау (ЯҚТШ) туралы шарт, оған 118 ел қол қойды. Ядролық қаруды таратпау туралы шартта – ядролық мемлекеттермен қолданыста шамамен 80 келісім бар. Сонымен қатар агенттік Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қатысушы болып табылмайтын ядролық мемлекеттермен бірнеше кепілдік-келісімдер жасасты. 1995 жылы Агенттік кепілдігіне 850 ядролық зауыттар немесе ядролық материалды қамтитын объектілер енді. Ядролық нысандарды АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Қытай және Ресей сақтайды. МАГАТЭ кепілдіктерінде сондай-ақ жоғарыда аталған бес елден тыс ядролық нысандардың 95% қолданылады. Қазақстан Агенттікке 1994 жылы мүше болып кірді. Өзін ядролық қаруы жоқ деп жариялауына және Семей атом сынақ алаңының жұмысын тоқтатуына байланысты Қазақстанның бұл Агенттіктің қызметіне қатысуының маңызы артып отыр. АҚХА-ға 1994 жылдан бері Қазақстан атом қуатын пайдалану саласындағы аса қажетті мәселелерді шешуге көмек көрсетіп келеді. Бұл салада заңдар мен құжаттар жүйесін жасауға көмектесуде, ядролық реакторлырға және ядролық-отын циклді кәсіпорындарға сараптау жүргізілуде, республиканың әртүрлі ұйымдарына аспаптар мен жабдықтар түрінде техникалық көмек жақсарды. Семей сынақ алаңында радиациялық жағдайдың қазіргі күйін анықтау мақсатында АҚХА мамандарының үш өкілдігі (миссиясы) жұмыс істеді. 1994 жылы шілдеде Алматыда Қазақстан мен АҚХА арасында ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа байланысты кепілдіктер беруді қолдану туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісімді дайындау мен іске асыру барысында Агенттік жағынан Қазақстанға сараптау-әдістемелік және техникалық көмек көрсетілді.

Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының экологиялық құқықтық мәртебесі.

Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымын (ФАО) [12] құру туралы шешім 1943 жылы өткен халықаралық конференцияда қабылданды. Ұйымның жарғысына 1945 жылдың 16 қазанында Квебек қаласында қол қойылды. 1946 жылы ФАО 1905 жылдан бері келе жатқан Римде орналасқан Халықаралық ауыл шаруашылығы институтының функцияларын өз мойнына алды. Қазіргі таңда бұл ұйымның штаб-пәтері Римде орналасқан. ФАО-ның құрамына 197 мемлекет кіреді.

Жарғыға сәйкес ФАО-ның жалпы мақсаттары мынадай болып табылады: халықтардың тамақтану мен өмір сүру деңгейін көтеруге бағытталған индивидуалды және біріккен әрекеттер негізінде жалпыадамзаттың хал-ауқатын көтеруге септігін тигізу; барлық азық-түлік және ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен үлестірімінің тиімділігін арттыру; ауыл халқының өмірлік жағдайларын жақсарту. Сондай-ақ ұйым мүше-мемлекеттерге техникалық көмек көрсету қызметімен айналысады.

Осы мақсатта ФАО тамақтану, азық-түлік және ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша ақпаратты жинайды, талдайды, өңдейді және де қажет жағдайларда таратады; осы саладағы сұрақтар бойынша зерттеулер жүргізеді; дамушы елдерге ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы салаларында жәрдемдеседі, соның ішінде кей жағдайларда тікелей азық-түлік өнімдерін жеткізе отырып та көмегін береді. 1990 жылы ФАО әлемдегі 62 елдегі тропиктік ылғалды ормандарды (ғарыштық суреттерді пайдаланып) есепке алды. Сөйтіп орман ауданы (1,2 млрд. га-дан артық) анықталды.

ФАО құрылымы: Конференция, Кеңес, Кеңес Комитеттері, Хатшылық, және де бірқатар үкіметаралық органдар.

Конференция – ФАО-ның ең жоғарғы органы, онда әр қатысушы мемлекеттен бір делегат өкілдік етеді. Конференция саясатты анықтайды және ұйымның бюджетін бекітеді, сонымен қатар Жарғы бойынша берілетін өзге де құзіреттіліктерді жүзеге асырады. Конференция ұйымның Жалпы ережелерін және Қаржылық тәртібін айқындайды. Конференцияның әдеттегі сессиялары екі жылда бір рет шақырылады; арнайы сессиялардың шақырылу жағдайлары да бар.

ФАО-ның атқарушы органы – Кеңес, 49 мүшесі бар және олар Конференциямен үш жылға сайланады. Кеңеске тәуелсіз төраға басшылық етеді, ал ол өз кезегінде Конференциямен екі жылға сайланады. Кеңес мүшелері әділетті географиялық таралым принципі негізінде сайланады. Кеңес отырысы Конференция сессиялары арасында кем дегенде үш мәрте өткізіледі.

Кеңес үш кішігірім комитетті сайлайды – Бағдарлама бойынша комитет, Қаржы комитеті және Конструкторлық-құқықтық сұрақтар бойынша комитет. Бұдан бөлек Кеңестің ұйымның қызмет ету

мәселелерімен айналысатын, сайланбайтын бес комитеті бар. Оның жұмысына ұйымның барлық мүшелері қатыса алады.

ФАО Хатшылығы Конференциямен алты жылға сайланатын Бас директормен басқарылады. Конференцияда бекітілген ережелермен анықталатын процедураға сәйкес ұйымның персоналы Бас директормен тағайындалады.

ФАО-ның бұдан бөлек көптеген өзге үкіметаралық және эксперттік органдары бар. Олар жалпы және аймақтық деңгейде де құрылған. Олар ауыл шаруашылығы, балық аулау және азық-түлік мәселелерімен айналысады. Бұл ұйым өзге халықаралық ұйымдармен белсенді түрде серіктестік қатынастарын жүзеге асырады.

Кодекс Алиментариус (латынша Codex Alimentarius – Тамақ кодексі) – тамақ өнімдерінің стандарттар және ережелер кодексін енгізу бойынша ФАО/ДДСҰ халықаралық комиссиясы қабылдаған тамақтың халықаралық стандарттарының жинағы. Кодекстің стандарттары негізгі тамақтану өнімдерін қамтиды – өңделген және жартылай фабрикат, әрі өңделмеген өнімдер.

2012 жылы комиссия құрамына 186 ел және еуроодақ кірген. Кодексті қадағалау дәрежесін 215 ұйым иемденді (үкіметаралық, үкіметтік емес және БҰҰ органдары).

Codex Alimentarius жөніндегі комиссия 1963 жылы фармацевтикалық өндірістің әсерінен, 1961 жылы БҰҰ жанындағы ФАО конференциясының 11 сессиясында және ДДСҰ 16 ассамблеясында қабылданған резолюцияны орындау мақсатында пайда болды. Алайда, Codex Alimentarius атауының тарихи тамыры Codex Alimentarius Austriacus жинағында байқалады (Австрия-Венгерлік империяда 1897-1911 жж. аралығында құрылған стандарттар мен көптеген тамақтану өнімдері сипатының жинағы осылай аталатын). Кейін, 1954-1958 жж. аралығында, Австрия аймақтық еуропалық кодекстің, Codex Alimentarius Europaeus құрылуына белсенді себептескен. Және сол Codex Alimentarius Europaeus жөніндегі кеңес 1961 жылы ФАО және ДДСҰ пайда табу үшін өздері құрған стандарттарды алуды ұсынатын резолюцияны қабылдады [12].

Кодекс барлық тамақ өнімдерін, өңделгенді де, шикіні де реттейді. Өнімдердің жеке түрлерінің стандарттарынан басқа кодекс өнімдерді, тамақ гигиенасын, тамақ қоспаларын, құрамында пестицидтердің болуын маркілеу жалпы стандарттарын және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі және биотехнологияларды зерттеу рәсімдерін қамтиды.

Кодекс бірнеше тілде жарияланады: ағылшын, француз, испан. Корпусқа кіретін стандарттардың бөлігі сондай-ақ орыс және араб тілдерінде қолжетімді; кейбір стандарттар қытай тіліне аударылған.

Кодекс келесілерді реттейді:

- Тамақтарды маркілеуді (жалпы ережелер, тамақ құнарлылығын көрсететін нұсқаулық, әртүрлі өтініштерді рәсімдейтін нұсқаулық);
- Тамақ қоспалары (негізгі стандарттар, қолдану ережесі, тамақта қолданылатын химиялық заттарға талаптар қою);
- Тамақтың ластануы (жалпы талаптар, тамақты радионуклидтармен, афла-және басқа да микотоксиндармен және т.б. ластаудың шектеулі деңгейлері);
- Тамақта пестицидтер мен ветеринарлық препараттардың максималды мүмкін деңгейі;
- биотехнологиялық тәуекелдерді бағалау әдістері;
- тамақ өнімінің гигиенасы;
- үлгілерді талдау және таңдау әдісі.

Келесі тамақ түрлеріне сай ерекшелік стандарттар:

- Ет және оның өнімдері;
- Балық және балық өнімдері;
- Сүт және сүт өнімдері;
- Арнайы диета тағамдары, оның ішінде нәрестелер мен балаларға арналған тағамдар;
- Табиғи және өңделген көкөністер, жемістер, шырындар;
- Дәнді дақылдар және олардың өнімдері;
- Майлар және олардың өнімдері;
- Әртүрлі тамақ өнімдері (шоколад, қант, бал, минералды су және басқалар).

Қазіргі жағдаймен ФАО БҰҰ жүйесіндегі ең ірі мамандандырылған агенттік болумен бірге жалпы ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы, ауылдық аймақтарды дамыту саласындағы жетекші агенттіктердің бірі болып табылады. Қазақстан бұл ұйымға 1996 жылдың қараша айында мүшелікке өткен. Өзара ынтымақтастық мерзімінде ФАО елімізге ауыл шаруашылығын дамыту саласында шегірткемен күрес, аграрлық саясатты қалыптастыру, топырақ қорғау егін шаруашылығы және топырақ қорғау технологиясын пайдалану, таулардағы

агробиологиялық түрлер мен сулы-батпақты алқаптарды сақтау, генетикалық ресурстарды жинау, Каспий теңізіндегі бекіре тұқымдас балықтарды басқару жүйесін жетілдіру, орман шаруашылығы мен хайуанаттар дүниесін қорғау жөніндегі нормативтік құжаттар жобасын жасау саласында техникалық көмек көрсетті.

Бақылау сұрақтары:

- 1) Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғаудың түсінігі және жалпы сипаттамасы.
- 2) Халықаралық табиғатты қорғау объектілері мен субъектілері.
- 3) Табиғи ортаны қорғау саласындағы халықаралық келісімдер, конвенциялар, шарттар, қоршаған ортаны қорғаудың халықаралық мемлекеттік-құқықтық механизмі.
- 4) Қоршаған ортаны халықаралық қорғауға Қазақстан Республикасының қатысу нысандары.